Қазақстанға қоныс аударушылардың келуі, яғни 1905 жылғы революциядан кейін күшейді. Патша өкіметі қара шаруаны сыртқа көбірек жіберіп, орталық Ресейдегі жер дағдарысынан құтылмақ болды. Патша өкіметінің белгілі министрі Столыпин помещиктердің жер жағдайын дұрыстау үшін қара шаруалардың жерді одақтасып пайдалануын жойып, құлақ шаруасын өркендету саясатын жүгізге бастады. Өйткені қара шаруалардың жерді ортақтасып пайдалануы ерте кездегідей помещиктердің мүддесіне үйлеспейтін болды. Екінші жағынан, Ресейдегі жер мәселесін қазақ жерін тонаумен шешпек болды. Сондықтан қазақ жерін алудың әдісі де өзгеріп, ашықтан-ашық жерді күшпен басып алуға кірісті. 1907-1912 жылдардың өзінде ғана елдің еуропалық бөлігінен 2 млн. 400 мың адам әкеліп қоныстандырылды. Отарлау Қазақстанда кең көлемде жүзеге асырылды.

Қазақстанға басқа ұлттар өкілдерінің көшіп келуіне байланысты өлкедегі этнографиялық жағдай түпкілікті өзгерді. 1897 ж. Ресей империясындағы жапы санақ бойынша Алексеевко Н.В., Кронгард Г.Н., Базанова Ф.Н. құрастырған мәліметтеріне қарағанда Қазақстан территориясында 3 ірі этникалық топ пайда болды: қазақтар 75-82 %, орыстар 10-13 %, украиндар 1-2 % құрады [5].

Зерттеуші Бекмаханова Н.Е. XIX 70-90 жж. өлкедегі халықтың саны 375370 адам, олардың 273460 қазақтар болғанын жазған. Осы кездегі облыстардағы қазақтардың пайызы: Омбыда – 43,45%, Петропавлда – 58,85%, Көкшетауда – 75,51%, Ақмолада – 93,28 % болған. Көріп отырғанымыздай, қазақ жерін тартып алғанға дейін солтүстік облыстарда қазақтардың саны біршама жоғары болған. Ал 1911 ж. Қазақстанның халқының жалпы саны бойынша қазақтардың саны 60 % -ке дейін азайған, орыстар бүкіл халықтың 19,6 % құрды. 1914 ж қазақтардың саны 58,5 % , орыстар 29,6 % құрады.[6]

Сонымен, ХХ ғ. басындағы Қазақстандағы әлеуметтік-демографиялық ахуалға талдау жасаған кезде, жалпы өлкедегі патшаның отарлау саясатының кең белең алғандығын еркін аңғаруға болады: біріншіден, өлкедегі халықтың көп ұлтты құрамының қалыптасу үрдісі күшейе түсті; екіншіден, байырғы халықтың үлес салмағы кеміді де, келімсек халықтың, негізінен алғанда, орыстар мен украиндардың үлесі өсті; үшіншіден, қалалар мен олардағы халықтың біршама өсуі байқалып, оның құрамында метрополияның басқа аймақтарынан келген қоныс аударушылар мен отаршылдық әкімшілік пен кәсіпкерлікке байланысты әлеуметтік жіктер мен топтардың басымдылығы толық аңғарылады. Семей уезінде крстиан дінін таратушылар шіркеу мектептерін ашып, адамдарды көптеп тарта бастады патша қолдап ақшалай көмектер беріп отырды. Шіркеу мектептері төмендегі атаулармен аталды, Москвинская – 106 адам оқыды. Александыро-Невская – 100 адам оқыды. Никольская – 124 адам оқыды. Воскресенская – 104 адам оқыды. [7]

Европалықтардың жаппай қоныстануы қазақ жұртының дәстүрлі шаруашылығына үлкен зардабын тигізді. Біріншіден, қоныстандыру саясаты қазақтарды ең шұрайлы жерден айырумен бірге, сол арқылы оның егіншілік мәдениетінің дамуын тежеді, мал шаруашылығына байланысты көшіп қону жүйесін бұзды, сөйтіп түрлі қиындықтар туғызды. Екіншіден, патша үкіметі тарапынан қолдауға, түрлі артықшылықтарға ие болған орыс мұжықтары панасыз қазақ жұртына түрлі зорлық-зомбылық жасап отырды. Үшіншіден, казактар қазақ жерінің табиғатына немқұрайлы қарап, ормандарды ысырапсыз пайдаланып, біразын жоқ етті, жергілікті халықтан тартып алған егіншілікке жарамды жерлерді аз уақыт пайдаланып, тастап жаңа жерлерге кетіп отырды.

Патшаның қоныстандыру саясаты және бүкіл отарлау саясатының салдарынан Қазақстанның ауыл шаруашылығы дамуының орнына дағдарысқа ұшырады. Жерді тартып алу, отырықшылық ошақтарын талқандау жергілікті халықты шөл және шөлейт далаларға қуу, қазақтардың егін шаруашылығын, әсіресе мал шаруашылығын өркендетуге қолайсыз жағдай туғызды.

Отаршылардың бұратана халықтарға байланысты жүргізген шовинистік саясаты, соған орай еңбекшілер жағдайының, әсіресе жер мәселесі бойынша ауырлауы, қарапайым халықтың құқықтарының кемдігі, аяусыз езілуі, басқарудың ұйымдастырылу сипатының халыққа қарсы болу, рухани мәңгүрттенуі және т.б. қазақ елінің сол кездегі зиялы қауымының ашу-ызасын тудырды. Бұл туралы 1907 жылы М.Дулатов «Қазағым менің, елім менің» деген мақаласында Россияға тәуелді қазақ халқының «ешқандай правосының жоқтығы ыза мен кекті тудырады», «чиновниктер, урядниктер кедей қазақтарды ұрып-соғып, малдарын тартып алып, ойына не келсе соны істейді». «Енді олар біздің дінімізге, атадан мұра болып келе жатқан әдет-ғұрыпымызға ауыз салуда. Жер ауып келген мыңдаған мұжықтар қазақтардың суы мен шұрайлы жерлерін тартып алуда. Чиновниктерді арқаланған олар «сорлы қазақтарды ұрып-соғып, бар мүлкін тартып алып кетуде», - деп ашына жазды [8].

Дегенмен, қазақ- орыс қоныстарын құру, әскери бекіністер салу патша үкіметінің қазақ жерін отарлау барысындағы өтпелі кезең ғана еді. біржола отарлаудың баянды жолы жаңа жерге орыс шаруаларын мейлінше көбірек қоныстандыру екендігін патша үкіметі жақсы түсінді.

Сол сияқты рухани салада да қазақтар мен Ресейдің мүддесі ортақтасқан емес. Отарлаудың алғышарты ретінде Ресей мұсылмандық дәстүрлерді қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне кіргізбеу үшін түрлі айла-тәсіл қолданды. Қазақ халқының сауатын ағартушылық мақсатпен ашқан жоқ, керісінше, тілінен, дінін айырып, орыстандыру саясатын жүргізді. Патша өкіметі отарлау саясатын бүркемелемей, ашықтан-ашық жүргізді. Ол Түркістанның жергілікті халықтарының табиғи өмір салтымен, дәстүрлі мәдениетімен есептеспей, оларға тек отарлық қанаудың объектісі ретінде ғана қарап, оларды шоқындыруға, тілінен және ұлттық санасынан айырып, мәңгүрттендіріп жіберуге жанын салды. Миссионерлер-Остроумов пен Лыкошин мұсылмандарды шоқындырып, орыстандыруға барлық ғұмырын сарп етті. Қоныс аударып келген орыстарды жергілікті халықтардан жоғары қойып, олардың арасында ұлттық өшпенділік отын қоздырып отырды. Жергілікті халыққа «надан», «тағы», өлсе құны жоқ деп қарады. Отаршылдар өлкеге аса қатерлі дерт - маскүнемдікті де қоса ала келді. Мысалы, Әулиеата уезінің Михайловка селосында тұратын 200 орыс тұрғындары 1913 жылы 5000 шелек, яғни 50 000 литр арақ ішкен. Маскүнемдікке салынған орыс шаруалары өздерін бұратаналардан мәдениеттіміз деп санайтын» [9].

1907 жылы наурыздың 27-сінде Петербургте Шаһмардан Қосшығұлов пен Абдрашид Ибрагимовтардың басшылығымен қазақ тұңғыш бейресми «Серке» газетінің бірінші және соңғы саны шықты. Онда М.Дулатов «Жастарға» деген өлеңі мен «Біздің мақсатымыз» деген мақаласы жарияланды.

Кейінірек бұл тарихи кезеңде «Қазақстан», «Қазақ» газеттері «Айқап» журналы және т.б. басылымдар дүниеге келді. Солар арқылы қазақ зиялылары патша үкіметінің отаршылдық саясатын әшкереледі, халықты оқыту – білімге, мәдениетке, қол-өнерге, отырықшылыққа шақырды, әйелдер теңдігін насихаттады. Мысалы, «Қазақ» газетінің бірінші санында редактор А.Байтұрсыновтың бағдарламалық мақаласында бұл газеттің мақсаты – бұқара халықтың мүддесін қорғау, қазақтар арасында ғылым мен мәдениеттің тарауына ықпал жасау, басқа халықтардың өмірі мен жетістіктері жөнінде хабардар ету. Бұл үшін үкіметтің шығарған заң, жарлықтары және басқа нұсқау құжаттарын халыққа түсіндіру. Мемлекеттік дума мен Мемлекеттік кеңес жұмысы туралы мағұлматтар беру өзімізде және шетелдерде болып жатқан жаңалықтармен таныстыру; қазақтардың өткені мен болашағын баяндау; сауда, күнделікті жұмыс, тұрмыс, егін шаруашылығы мен мал шаруашылығы жөнінде кеңестер беру; мектеп пен медреселердің ісіне бағыт-бағдар беріп, ағартушылық, өнердің, тіл және әдебиеттің дамуына көмек жасау, денсаулық және мал дәрігерлік істерді насихаттау керек деп білген. Бұдан біз «Қазақ» газетінің жалпы халықтық мүдделерді қозғағанын айқын байқаймыз.

Патшалық империяның отаршылдық саясаты дала өлкесінің бар саласында үстемдік алып, «басына ерік», «қолына билік» кетіп, жерінен күштеп айырылған туған халқының тұрмысына байланысты, саяси-әлеуметтік мәселелерден көкірегі ояу қайраткерлердің оқшауланып қала алмайтыны әрине заңды құбылыс. Біздің ойымызға М.Дулатовтың мына сөздері дәлел бола алады: «Ол жылдардағы қазақ халқының қараңғылығы мен надандығын айтып жеткізу қиын. Қазақ бұқарасы губернаторлар мен уезд бастықтарын айтпағанда ең төменгі урядниктің алдында діріл қағып, адам төзгісіз қорлыққа шыдады, оның бұл халге жетуіне өз арасынан шыққан надан тілмаш-чиновниктер, болыс басқарушылар және басқалары өз үлестерін қосты; ауыр салық, зорлық, парақорлық, өсек тасу, үйреншікті көрініске айналды, құнарлы шұрайлы жерлер ешқандай да есепсіз қоныс аударушыларға алынып берілді, ал қазақтар болса шөлге ығыстырылды. Алым-салық ауыртпалығы кедей-кепшікке түсті, оны төлеуде жүздеген бас айдаған бай мен бес бас малы бар кедей теңгерілді. Қазақ елі, міне осындай түнекте ғұмыр кешті. Осының бәрін көре тұрып өзімнің азын-аулақ біліміме қарамастан, қолымдағы барыммен ар-намысы аяқ асты болған сорлы халқыма көмектесуді өз борышым деп санадым» [10].

Сондықтан да біздің ойымызша, Алаш қайраткерлерінің қызметтері халықты ағарту, білім беру, оқыту мәселесіне бағытталды. Біз өз зерттеуімізде М.Қозыбаевтың мына пікіріне қосыламыз. «Движение «Алаш» формировались под мощным воздействием просветительских идей».

«Алаш» қозғалысының қайраткерлері елдің экономикалық саяси, мәдени дамуын қазақ халқының санасын оятуды оқыту арқылы ғана шешу қажеттілігін дәлелдеді. Бұл жайында Ахмет Байтұрсынов «Қазақша оқу жайынан» атты мақаласында былай деп жазады: «Әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастау керек, неге десек, болыстық та, билік те халықта – оқумен түзеледі» [11].

Кейінірек бұл тарихи кезеңде «Қазақстан», «Қазақ» газеттері, «Айқап» журналы және т.б. басылымдар дүниеге келді. Солар арқылы қазақ зиялылары патша үкіметінің отаршылдық саясатын әшкереледі, халықты оқу – білімге, мәдениетке, қол-өнерге, отырықшылыққа шақырды, әйелдер теңдігін насихаттады. Оятудың құралы ретінде «Қазақ» газетін шығаруды ұйғарып, қаржыландару мәселесін ойдағыдай шешкен соң Ахмет Байтұрсынов газет редакторлығын өз міндетіне алды. «Қазақ» газетінің алдына қойған міндеті туралы оның бірінші санында былай жазды: «Әуелі газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі... газетасы жоқ жұрт басқа газетасы бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр сықылды...

Екінші, газета – жұрттың ұланбасына медет нәрсе. Олай болатын мәнісі жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп ғалым адамдары газета арқылы халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық етіп тұрады.

Үшінші, газета – халыққа білім таратушы...

Төртінші, газета – халықтың даусы. Жұртым деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, намысын жоқтайтын азаматтары газета арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарынақарсы тұрып, қарғаға көзін шоқытпасқа тырысады». Жалпы газеттің мақсаты – бұқара халықтың мүддесін қорғау, қазақтар арасында ғылым мен мәдениеттің тарауына ықпал жасау, басқа халықтардың өмірі мен жетістіктері жөнінде хабар ету. Бұл үшін үкіметтің шығарған заң, жарлықтары және басқа нұсқау құжаттарын халыққа түсіндіру.

Алаш қайраткерлерінің ең басты ізгі мақсаттары – халқына қызмет ету болды. Бұл мәселе М. Дулатовтың 1929 жылы Бутырск түрмесінен жазған хатынан байқалады. «Мен өзімнің құлдыққа түсіріліп, езгіге салынған бейшара халқымның осы құлдық жағдайдан шығуына көмектесуді өз

борышым деп санадым... Саяси саладағы оқиғаларды дер кезінде болжай алмадым деп санаймын, ал қазір Кеңес өкіметіне қарсы күрес деп отырғанның бәрі менің қазақ ұлтын дербес, тәуелсіз, бақытты жағдайда көргім келген тілегім ғана» [12] деп жазылған.

Қорыта айтқанда, Ресей империясының Қазақстанда жүргізген отарлық заңдарының бәрі қазақ халқының экономикалық, саяси, рухани, аумақтық тұрғыдағы бірлігін бұзуға бағытталды. Еуропа-лықтардың жаппай қоныстануы қазақ жұртының дәстүрлі шаруашылығына үлкен зардабын тигізді. Қоныстандыру саясаты қазақтарды ең шұрайлы жерден айырумен бірге, сол арқылы оның егіншілік мәдениетінің дамуын тежеді, мал шаруашылығына байланысты көшіп қону жүйесін бұзды, сөйтіп түрлі қиындықтар туғызды. Отарлық заңдар қазақ халқы өкілдерін болыстық көлемнен жоғары билікке жібермеді. Алаш қайраткерлерінің саяси көз-қарастарының негізінде, тәуелсіз құқтық мемлекет құруға деген жаңа саяси бағыттар пайда болды. Азаттықты аңсаған қазақ халқы саяси күрестің жалынына шарпылды. Оның қуаты Мемлекеттік Думаға да жетті. Ұлт-азаттық қозғалыс жетекшілері Ресейдің I және II Мемлекеттік Думасы мінбесінен: қазақ халқына саяси бостандық беру, қазақ жерін тартып алуды тоқтату туралы талап-тілектерін айтты.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ана тілі Ұлт газеті № 22(1646) 2-8 маусым 2022 жыл.
2. Асфендияров С. История Казахстана с древнейших времен. – Алматы: – Мектеп, – 1993 – 187с.
3. История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней /Под ред. М.Абдыхалыкова, А.Панкратова. Алма-Ата, 1943, С.340
4. Қазақстан тарихы. Хрестоматия. Құраст.: М.Қ. Қозыбаев, І.М. Қозыбаев. – Алматы: Қазақстан, 1994.
5. Алексеенко Н.В, Кронгард Г.Н, Базанова Ф.Н.
6. ҚРПМ., 140-қ., 1-т., 7-іс, 45-п.
7. ҚРОММ. ф.64. тізім 1. іс 5937. 333-п.
8. Дулатов М. Шығармалары, - Алматы: жазушы, 1991. -21-б.
9. Қоныратбаев О. Тұрар Рысқұлов. Қоғамдық саяси және мемлекеттік қызметі. - Алматы: Қазақстан, 1994. 16-17-б.б.
10. Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: Білім, 1999.- 45-б.
11. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ғылым, 1992.-433-б.
12. Дулатов М. Ұрпаққа хат // Дала дидары. 1991. 8 мамыр.-3-б.

Д.С. Абишева¹, А.А. Шоңай¹

*¹«Халықаралық құқық» мамандығының 3 курс студенті,
Абай атындағы ҚазҰПУ Сорбонна-Қазақстан институты*

*¹Ғылыми кеңесші: Абай атындағы ҚазҰПУ
Сорбонна-Қазақстан институтының халықаралық
құқық кафедрасының оқытушы,
Алматы қ., Қазақстан*

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚЫЗЫЛ КРЕСТ КОМИТЕТІ ЖӘНЕ
ГУМАНИТАРЛЫҚ ӘРЕКЕТ**

Аңдатпа

Мақалада қазіргі жағдайдағы гуманитарлық іс-әрекеттің нақты көрінісінің негізгі бағыттары қарастырылады. Бұл әрекеттің өзектілігі, оның ажырамас сипаты көрсетілген. Халықаралық Қызыл Крест комитетінің қақтығыстарды ізгілендірудегі және әскери қақтығыстардың, террористік актілердің, табиғи апаттардың құрбандарына көмектесудегі рөлі ашылады.

Түйінді сөздер: Халықаралық гуманитарлық құқық, гуманитарлық іс-қимыл, қақтығыстар, терроризм, гуманитарлық ұйымдар, қақтығыстар құрбандары.

Абишева Д.С.¹, Шонай А.А.¹

¹студентка 3курса, специальность «Международное право»,

Институт Сорбонна-Казахстан, КазНПУ им. Абая

¹Научный руководитель: преподаватель кафедры

Международного права, Институт Сорбонна-Казахстан, КазНПУ им. Абая,

г. Алматы, Казахстан

МЕЖДУНАРОДНЫЙ КОМИТЕТ КРАСНОГО КРЕСТА И ГУМАНИТАРНЫЕ ДЕЙСТВИЯ

Аннотация

В статье рассматриваются основные направления реального проявления гуманитарной деятельности в современных условиях. Показана актуальность данного действия, его неотъемлемый характер. Раскрывается роль международного комитета Красного Креста в гуманизации конфликтов и помощи жертвам военных конфликтов, террористических актов, стихийных бедствий.

Ключевые слова: международное гуманитарное право, гуманитарные действия, конфликты, терроризм, гуманитарные организации, жертвы конфликтов.

Abisheva D.S.¹, Shonay A.A.¹

¹3rd year student, specialty "International Law", Sorbonne-Kazakhstan Institute, at Abai KazNPU,

¹senior lecturer of the Department of International Law,

of the Institute Sorbonne-Kazakhstan Abai KazNPU,

Almaty, Kazakhstan

INTERNATIONAL COMMITTEE OF THE RED CROSS AND HUMANITARIAN ACTION

Abstract

The article examines the main directions of the real manifestation of humanitarian activity in modern conditions. The relevance of this action, its inherent nature is shown. The role of the International Committee of the Red Cross in the humanization of conflicts and assistance to victims of military conflicts, terrorist acts, natural disasters is revealed.

Keywords: international humanitarian law, humanitarian actions, conflicts, terrorism, humanitarian organizations, victims of conflicts.

Халықаралық Қызыл крест Комитеті (ХҚКК) бірнеше ондаған жылдар бойы Қызыл Кресттің барлық ұйымдарының мазмұны мен бағытын анықтайтын 1949 жылғы Женева конвенцияларының негізін құрайтын барлық ережелерді сақтаушы ғана емес, сонымен бірге дәйекті орындаушы. Көрсетілген конвенциялар қабылданған сәттен өткен уақыт үшін заңгерлер ХҚКК байытуға айтарлықтай үлес қосты халықаралық гуманитарлық құқық мәселелерінің тұтас кешені. Бұл жағдайда негізгі назар және, ең алдымен, азаматтық қорғау мәселелеріне соғыс қимылдарының жаңа сипаты жағдайындағы адамдар. Бұл ғасырдың басында, атап айтқанда, АҚШ пен олардың әскери әрекеттерінде айқын көрінді Югославиядағы, содан кейін Ирактағы НАТО одақтастары және Ауғанстан. ХҚКК-ның оны орындаудағы орны толмас рөлі және оның әртүрлі гуманитарлық бөлімдері тәжірибе көрсеткендей, функциялар анықталады. Қызыл Крест ұйым ретінде сақталады өзінің тәуелсіздік және дербестік. Олар атап өткендей зерттеушілер мен Қызыл Крест қызметкерлерінің өздері, мұндай іс-әрекеттер жиі кездеседі тікелей саяси және қаржылық қысым әрекеттерінің әсері. Сарапшылар атап өткендей, бұл әрекеттер осы гуманитарлық ұйымның қызметіне белгілі бір мән беруге бағытталған Женева конвенцияларының ережелерінен тыс жаңа мағына. Сонымен бірге саяси қате болар еді (және бұл гуманитарлық іс-әрекеттің идеясы мен практикасына нұқсан келтіреді), егер қызыл әрекет болса Крест сол өзгерістерді ескерусіз салынды. Бүкіл жүйенің өтпелі күйіне арналған кейіпкерлер халықаралық қатынастар. Бұған мысал ретінде Грузия Оңтүстік Осетияда Қарулы араласуды жүзеге асырған 2008 жылғы тамыздағы оқиғалар жатады. Бұл ретте астапқыда халықаралық қауымдастыққа Грузия агрессор емес, құрбан деген идея енгізілді.

Тиісінше, гуманитарлық көмек тек Грузияға қатысты болды. Бұл қақтығыстың сипатына саналы көзқарас басым болуы үшін уақыт қажет болды. ХҚКК позициясы туралы айта отырып, бұл ұйымның өзі өтпелі күйде болатын халықаралық жүйенің бөлігі екенін ұмытпау керек. Жоғарыда айтылғандарға гуманитарлық әрекет идеясы өтпелі күйде екенін қосамыз [1; 2].

Мұндай жағдайларда Қызыл Крест қызметінде өзгерістер мен басымдықтар болады. Бұл соңғы екі-үш онжылдықта ХҚКК қызметінде айқын көрінеді, оның басшылығы өзінің гуманитарлық қызметін байыпты бағалауға, сондай-ақ оның құрылымы мен менеджментін одан әрі жетілдіруге көп күш жұмсады. 1980-ші жылдардың бірінші жартысында ХҚКК жаңа тарихи жағдайдағы гуманитарлық іс-қимыл ставкаларының мазмұны мен нысанын зерттеу бойынша айтарлықтай жұмыс жүргізді. Бұл мақсатты әрекет "болашақты зерттеу" деп аталды.

Бұл бастама бірқатар маңызды халықаралық оқиғалардан туындады. Бұл, мысалы, Польшада төтенше жағдай енгізу сияқты оқиғалар туралы; Фолкленд аралдарына тиесілі Ұлыбритания Мен Аргентина арасындағы әскери қақтығыс; Ливандағы соғыс, сондай-ақ Африка мен Азиядағы көптеген қақтығыстар. Мұның бәрі Қызыл Крест және Қызыл Жарты Ай ұйымдарынан көптеген елдердің үкіметтерімен диалогты дамытуға, сондай-ақ осы ұйымдардың қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында қарқындалуға күш салуды талап етті. Сонымен қатар, гуманитарлық ұйымдардың қызметін жаңғырту жүзеге асырылды.

1990-шы жылдардың соңында "болашақты зерттеу" акциясының екінші кезеңі жүзеге асырыла бастады, оның шеңберінде 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламада өз көрінісін алған Халықаралық Қызыл Крест Комитетінің жаңа басшылығының іс-қимылының егжей-тегжейлі жоспарын әзірлеу көзделді.

Жаңа ХХІ ғасырдың басында гуманитарлық әрекеттің жаңа стратегиясы мен тактикасын әзірлеудегі қиындықтар, ең алдымен, қырғи қабақ соғыстың соңында әлем қақтығыстардың жаңа формаларына тап болуымен байланысты болды. Бұл әсіресе 2001 жылдың 11 қыркүйегінде Нью-Йорктегі сауда орталығының тіреген ғимараттарына террористік шабуыл жасалған кезде айқын көрінді.

Қақтығыстардың жаңа формаларының пайда болуы туралы мәлімдеме қырғи қабақ соғыс жылдары тыныш саяси даму кезеңі болды дегенді білдірмейді. Осы кезеңде Қызыл Крест ұйымдарының қызметі өте белсенді болды. Осыған байланысты ХХ ғасырдың екінші жартысында әлем бірқатар оқиғалардың куәсі болды: Камбоджа мен Руандадағы геноцид; Кореядағы әскери қақтығыс; қазіргі уақытта жалғасып жатқан Араб-Израиль қақтығысы; 1956 жылы Венгриядағы қайғылы оқиғалар; Африка мен Азиядағы ұлт-азаттық соғыстар; азаматтық Ливандағы соғыс және т. б. қақтығыстар мыңдаған және мыңдаған адамдарға әсер етті. Егер Қызыл Крест қозғалысы мен көптеген гуманитарлық ұйымдар көрсеткен гуманитарлық көмек болмаса, бұл азаптар бірнеше есе көп болар еді.

Қырғи қабақ соғыстың аяқталуымен ұлы державалар арасындағы соғыстан кейінгі кезеңде қалыптасқан белгілі тепе-теңдік бұрынғы уақытта қалды және бұл халықаралық аренада жаңа шиеленістердің, соның ішінде әскери күш қолданумен байланысты бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктерді ашты. Мұны Парсы шығанағындағы соғыс, Балқан мен Кавказдағы қақтығыстар, орталық және Батыс Африкадағы қанды қақтығыстар (Конго, Сьерра-Леоне, Либерия, Эфиопия және т.б.) дәлелдейді.

2001 жылғы 11 қыркүйектегі жазықсыз 3000-ға жуық адамның өмірін қиған қайғылы оқиғалардан кейін халықаралық қатынастардың бүкіл жүйесі айтарлықтай өзгерістерге ұшырады, терроризммен күрес алдыңғы қатарға шықты.

Бұл ретте терроризмнің өзі, өз кезегінде, үшінші мыңжылдықтың басында елеулі өзгерістерге ұшырады. Ол желілік сипатқа ие болды. Бұл ретте желі бірыңғай орталықтан басқарылмайды [4, С.60 – 65; 6, С. 272 – 274].

Қазіргі жағдайда, мысалы, террористік ұйымдардың құрылымы мен орналасқан жерін нақты анықтау мүмкін емес. Рас, террористік ұйымдар көбінесе белгілі бір экстремистік діни құрылымдармен анықталады.

Қарулы әрекеттердің жаңа формаларының жаңа күшпен пайда болуы қазіргі жағдайдағы гуманитарлық әрекеттердің не екендігі туралы сұрақтар туғызды. Халықаралық гуманитарлық құқықтың мазмұны мәселесі де өткір емес, ол этатикалық емес актерлердің іс-әрекеттеріне байланысты емес, негізінен мемлекеттердің, соның ішінде қол қоюлары Женева конвенцияларының астында тұрған мемлекеттердің іс-әрекеттеріне байланысты болды.

Мұндай жағдайда Халықаралық Қызыл крест Комитеті алдында бұрын-соңды болмаған тәжірибені анықтау негізінде халықаралық тәжірибенің жаңа сұрақтарына барабар жауап табу міндетіне тап болады.

Заңдылық немесе Гуманитарлық әрекетті растау

Қызыл Кресттің принциптері айқын. Олар, шын мәнінде, уақыт өте келе өзгермейді, өйткені олар ешкім дау айта алмайтын құндылықтарға негізделген. Алайда, тек осы принциптер гуманитарлық әрекетті заңдастыруға жеткіліксіз, оған жүгінгендердің көз алдында, оны моральдық немесе қаржылық тұрғыдан қолдайтындардың пікірінде, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары арқылы гуманитарлық ұйымдардың қызметіне төреші ретінде әрекет ететіндердің көзінде. ХҚКК әрқашан оның заңдылығы Женева конвенцияларының ерекше күзетшісінің мәртебесімен анықталады деп сендірді, оның рухы мен әрпі мемлекеттердің басым көпшілігі құрметтеуге және қажет болған жағдайда құрметтеуге міндеттенді. Дәл осы заңды негізде ХҚКК қақтығыс құрбандарына ешқандай кемсітусіз көмекке келу құқығын қорғады. Айта кету керек, гуманитарлық ұйымдардың нақты әрекеттері арқылы халықаралық гуманитарлық құқықтың қалыптасуы жүрді.

Гуманитарлық құқық алдымен Женева конвенциясының 10 бабы 1864 жылы тамызда ХҚКК құрылтайшылары тұжырымдаған жараланған әскери соғысушы армиялардың тағдыры, атап айтқанда, жараланғандардың ұлтына қарамастан көмек алу құқығы бекітілді.

Женева конвенциясы алғаш рет 1866 жылы Пруссия-Австрия соғысы кезінде қолданылды. Сонымен бірге, сол кезде Женева конвенциясына қол қойған Пруссия біржақты тәртіпте әрекет етті. Тек 1885 жылы, серб-Болгар соғысы кезінде Женева конвенциясы әскери қақтығыстың екі жағында да сақталды [5, 12-13 беттер].

Қазіргі уақытта Халықаралық гуманитарлық құқық 1949 жылы қабылданған төрт Женева конвенциясына және 1977 жылы күшіне енген екі қосымша хаттамаға, сондай – ақ классикалық қаруды қолдануды, балаларды соғыс қимылдарына тартуды реттейтін шарттар мен заңдарға негізделген [7, 20-21 беттер].

Айталық, Женева конвенцияларының рухында Халықаралық қылмыстық құқық әзірленді. Халықаралық гуманитарлық құқық болып табылатын құжаттар жиынтығы, нақты саяси тәжірибе көрсеткендей, қазіргі қарулы қақтығыстарды шешу процестеріне айтарлықтай әсер етеді.

Алайда, құжаттардың өзі ХҚКК қызметінің тиімділігін анықтайды. Ең бастысы-гуманитарлық іс-қимылдардың тиімділігі, соның ішінде ХҚКК қақтығыстардың өзінде. Соңғы жылдары бұл қызмет БҰҰ ұйымдарымен және түрлі үкіметтік емес ұйымдармен (ҰЕҰ) қызу бәсекелестік жағдайында жүруде. Халықаралық қауымдастықтар одағы өз қатарында 35000 ҰЕҰ бар екені белгілі. Тек БҰҰ консультативтік кеңесінде бұл Ұйымның экономикалық және әлеуметтік кеңесінде 3500 ҰЕҰ қызмет етеді [8, 199 б.].

Мұндай жағдайда гуманитарлық қызметтің оң нәтижелеріне қол жеткізу гуманитарлық акцияларды жүзеге асырудың жаңа тәсілдерін дамыту және техникасын жетілдіру қажеттілігін болжайды.

Мұнда ең бастысы – ХҚКК-нің нақты миссиясын институт ретінде анықтау, оның нақты акциялары әрдайым барлық жағдайларда ұйымның қағидаттарына сәйкес келуі керек [3, 151-167 беттер].

Айта кету керек, Қызыл Крест қозғалысына қатысы жоқ көптеген гуманитарлық ұйымдар осындай проблемаларға тап болады. Бұл барлық гуманитарлық ұйымдар арасындағы бірлескен қызмет саласындағы ынтымақтастықтың перспективасын ашады. Соңғы онжылдықтарда ХҚКК қабылдаған бастамалардың ішінде әртүрлі гуманитарлық ұйымдар арасындағы ынтымақтастықты дамытуға мүмкіндік бергендер және тіпті қажет еткендер де аз емес. Нәтижесінде гуманитарлық ұйымдардың іс-әрекеттерін үйлестіру және үйлестіру қажеттілігін мойындауда айтарлықтай прогресс жасалды, бұл тәжірибе көрсеткендей, барлық осы ұйымдар тек пайда көреді. Гуманитарлық ұйымдардың келісілген қызметі бұл ұйымдардың назарына жер аударылған адамдар мен хабар-ошарсыз кеткен адамдардың тағдырына, әскери қақтығыстар кезінде әйелдер мен балаларды қорғауға, сондай-ақ жеке құрамға қарсы миналарды пайдалануға тыйым салуға байланысты мәселелер туындауына ықпал етті.

Ауыстырылған адамдар. Ұзақ уақыт бойы ХҚКК БҰҰ-ның Босқындар жөніндегі комиссариатының қамқорлығына ресми белгілер бойынша түспеген "ішкі босқындардың" тағдырымен айналысқан санаулы халықаралық ұйымдардың бірі болды. Бұл комиссариат қауіпсіздік мақсатында өз елінен қашуға мәжбүр болған босқындардың тағдырымен ғана айналысатыны белгілі. Алайда, соңғы онжылдықтар ішінде халықаралық қауымдастық бірнеше рет қақтығысып қалды. Мұндай

жағдайларда олардың тағдырлары көбінесе Ұлттық Қызыл Крест ұйымдары мен жергілікті әлеуметтік қызметтермен айналысады.

Айта кету керек, көшірілген адамдарды қорғау ел ішінде-гуманитарлық қызметтің күрделі түрлерінің бірі. ХҚКК Президенті Я.Келленбергердің айтуынша, 1998 жылы ХҚКК-нің "ел ішінде жер аударылған адамдар мәселелері бойынша басшылық қағидаттарды" қабылдауы ел ішінде жер аударылған адамдарды қорғау саласындағы халықаралық құқықтық базаны нығайтуға маңызды үлес қосты [9]. Осы бағыттағы ХҚКК қызметінің ауқымы туралы мынадай деректер келтіріледі: 2006 жылы Комитет қандай да бір нысанда 32 елде шамамен 4 миллион жер аударылған адамға көмек көрсетті [10].

Жалпы, әлемде 42 миллион жер аударылған адам бар, оның ішінде 26 миллион адам – бұл өз елдерінің ішінде жер аударылған адамдар [8, 230 б.].

БҰҰ да қоныс аударған адамдарға көмек көрсетуге өз үлесін қосуда. 1992 жылы БҰҰ Бас хатшысының шешімімен қоныс аударған адамдардың мәселелеріне жауапты лауазым енгізілді, бұл осы мәселені айтарлықтай өзекті етті. Атап айтқанда, халықаралық қоғамдастықтың жер аударылған адамдар ісіндегі және осы мәселені шешу үшін қабылданған әрекеттердегі айқын кемшіліктері анықталды.

1999 ж. БҰҰ-да БҰҰ даму жөніндегі бағдарламалары (PNUD), Дүниежүзілік азық-түлік бағдарламасы (PAM), БҰҰ балалар қорлары (UNICEF), БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы жөніндегі Ұйымы (FAO), Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (OMS), БҰҰ Босқындар істері жөніндегі Жоғарғы комиссариаты шеңберінде халықаралық қоғамдастықтың күш-жігерін біріктіруге арналған тұрақты комитет құрылды (HCR) және гуманитарлық мәселелерді үйлестіру бюросы (OCHA), сондай-ақ ХҚКК, Халықаралық федерация, БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы комиссариаты (HCDH), Бас хатшының өкілі, Дүниежүзілік банк (BM), Еріктілер агенттіктерінің халықаралық кеңесі (ICVA), Халықаралық мигранттар ұйымы (OIM) және гуманитарлық араласу комитеті. Нәтижесінде шаралар кешені жүзеге асырылды және бірқатар құрылымдар құрылды, мысалы, ішкі орын ауыстырған тұлғалар бойынша жоғары деңгейдегі ұйымаралық желі (2000 ж.) және ел ішінде орын ауыстырған тұлғалар бірлестігі (IDP Unit – 2002 ж.). Бұл желі БҰҰ-ның негізгі институттары мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерін біріктіреді. Бұл органдардың салыстырмалы күрделілігі бұған кедергі болмады.

Конго Демократиялық Республикасында БҰҰ-ның Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымымен (FAO) күш-жігерді біріктіру жолында және Анголада ХҚКК Дүниежүзілік азық-түлік бағдарламасымен (PAM), балаларды құтқару қорымен (SCF)тығыз жұмыс істейтін белгілі бір прогреске қол жеткізілді.. Оксфорд аштыққа көмек комитеті

(Oxfam), Шекарасыз дәрігерлер, халықаралық медициналық корпус.

Әйелдер мен соғыс. Миллиондаған әйелдер мен қыздар қазіргі қарулы қақтығыстардың салдарынан зардап шегеді. Олар әсіресе жыныстық зорлық-зомбылық, сондай-ақ басқа да физикалық және психологиялық жарақат алу қаупіне ұшырайды. Соғыс көбінесе әйелдер үшін мәжбүрлі қоныс аударуға және туыстарынан бөлінуге айналады, азық-түлік, ауыз су және медициналық көмекке қол жетімділікті алып тастайды. Кейде әйелдер отбасындағы жалғыз асыраушы болып қалады және олардың көпшілігі туыстарына қаржылық қолдау көрсету үшін жауапкершілікті өз мойнына алуға мәжбүр.

Осыдан он жыл бұрын БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі Әйелдер, бейбітшілік және қауіпсіздік туралы 1325 қарар қабылдағаны кездейсоқ емес. Бұл құжат әлемдік қоғамдастықтың назарын әйелдер үшін қарулы қақтығыстардың пропорционалды емес және ауыр зардаптарына аударуға бағытталған [11].

Халықаралық гуманитарлық құқық шеңберінде қарулы әрекеттерге қатыспайтын ерлер, әйелдер мен балалар халықаралық шарттарда азаматтық адамдар ретінде қорғалады. 2000 жылы ХҚКК жүргізген зерттеу әйелдердің соғыс құрбандары ретіндегі қажеттіліктері бұрын үйреншікті шеңберден шыққанын көрсетті. Бұл соғыс жағдайындағы әйелдердің немесе аналардың ерекше осалдығы туралы ғана емес, сонымен бірге әйел көбінесе тұтқын жағдайында болады, тіпті хабар-ошарсыз кетеді.

Қарулы қақтығыс жағдайында қалған балаларды қолдау ХҚКК үшін басымдық болып табылады. ХҚКК бағдарламаларының бірқатары балалардың қажеттіліктерін ескере отырып арнайы әзірленген. Сонымен қатар, Женева конвенцияларындағы және қосымша хаттамалардағы балаларға арналған кемінде 25 мақала Қызыл Крест қызметінің мазмұнын анықтайды. ХҚКК бірнеше ондаған жылдар

бойы шұғыл көмек пен гуманитарлық қолдауды қажет ететін халық санатына балаларға да, әйелдерге де қатысты бейтараптық принципін таратпады. Қазіргі уақытта жағдай айтарлықтай өзгерді [10].

Хабар-ошарсыз кеткен. Сребриницадағы адамдарды жаппай қырып-жоюға кінәлілер өздерінің қылмыстары үшін мойындалып, Югославиядағы қылмыс сотында айыпталушы ретінде танылса да, тағы бір үлкен проблема анықталды – хабар-ошарсыз кеткендер мәселесі. Бұл мәселені шешу үшін Балқанда ХҚКК мамандандырылған кеңсесі құрылды, ол осы мәселемен айналысады. Бұл жұмыстың нәтижелері төмен. Жоғалған адамдар үшін, фактілер көрсеткендей, жиі барлығы жансыз болып шығады, әдетте, өлтіріледі. Және бұл осы мәселені шешеді тек тірі адамдармен айналысатын ХҚКК қызметінің шектері.

Бұл мәселедегі қарама-қайшы тергеулердің бірі 1975 жылы Кипрдегі оқиғалар болды, Түркияның әскери операциясынан кейін осы аралдық мемлекетте көптеген адамдар хабар-ошарсыз кетті. Бұл кейіннен түрік және грек қауымдастықтары арасындағы келіссөздер процесінде кедергі болды.

Қазіргі уақытта жүздеген мың адамдар халықаралық және ішкі қақтығыстардың нәтижесінде хабар-ошарсыз кеткендер санатына жата бастады. Олардың көпшілігі ұшыраған болатын қысым жасайтын әсерлерге байланысты.

Нәтижесінде, адам құқықтарын қорғаумен және медициналық қызметпен байланысты адамдар тобымен қарым-қатынас, ХҚКК өлгендердің денелерін "сөйлеуге" көп нәрсе жасады. Ол үшін эксгумация, ДНҚ талдауы негізінде Сәйкестендіру рәсімдері жүргізіле бастады. Содан кейін мұның бәрі халықаралық соттар құрған белгілі бір адамдардың қылмыстық әрекеттерінің дәлелі ретінде қолданылады.

Бірақ бұл тек із-түзсіз жоғалған адамдар адамзатқа қарсы қылмыстар үшін айыптауға айналады. Мұндай қылмыстың анықталған фактілері қайтыс болғандардың туыстарының арасында ғана емес, өмір сүру ортасында да үлкен психологиялық әсер етеді. Мұндай әрекеттер Руандада жақында өткен елде болған жаппай геноцидтен кейін кеңінен қолданыла бастады.

2003 жылғы ақпанда ХҚКК қақтығыстар кезеңінде жоғалып кеткен адамдардың тағдырына қатысты қолданылатын практика мен әдістердің барлық кешені бойынша үкіметтік және үкіметтік емес сарапшылардың конференциясын өткізді. Қажетті шешімдерге қол жеткізу үшін 90-ға жуық елден келген 300-ге жуық қатысушы қақтығыстарда жоғалып кеткен көптеген адамдармен байланысты барлық нәрсені анықтау үшін ұлттық үкіметтік ұйымдар, халықаралық ұйымдар мен үкіметтер арасында тұрақты ынтымақтастықты жүзеге асыру қажеттілігі туралы қорытындыға келді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Желтов, В.В. *гуманитарлық әрекет: Анықтама және қазіргі заманғы түсінік* / В.В. Желтов, И.С. Малахов // *Сібір социологиялық хабаршысы*. – 2007. – № 6. – С. 59 – 79.
2. Малахов, и.с. *гуманитарлық іс-әрекеттің негіздері мен критерийлері* / и. с. Малахов // *аймақтық даму саясаты: мәселелер мен тәсілдер: ғылыми жинақ. тр.* – Кемерово, 2009. – Б. 143 – 151.
3. Малахов, и. с. *бейтараптық Қызыл Кресттің негізгі қағидасы ретінде* / и. с. Малахов // *аймақтық даму саясаты: мәселелер мен тәсілдер: СВ.ғылыми. тр.* – Кемерово, 2009. – Б.151 – 167.
4. Платонов, Ю. П. *билік технологияларының желісіндегі Геосаясат* / Ю. П. Платонов. – М., 2010.
5. Buirette, P. *Lagrang Ph. Le droit international humanitaire* / P. Buirette. – 2008. – P. 12 – 13.
6. Chautard, S. *L'indispensable de la geopolitique. Levallois-Perret.* – 2009. – P. 272 – 274.
7. Mercier, M. *Le Comite International de la CroixRouge. L'action humanitaire dans le nouveau context mondial.* – Lausanne, 2004. – P. 20 – 21.
8. Rubio, F. *Dictionnaire pratique de l'humanitaire.* / F. Rubio, C. Hure // *Dictionnaire pratique de l'humanitaire.* P., 2010. – P. 199.
9. <http://www.icrc.org/web/rus/siterus0.nsf/htm/ihl/development-statement-210910>.
10. <http://www.icrc.org/web/rus/siterus0.nsf/htmlall/displacement-update-3107077>

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ
ЖҮЙЕСІН ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ
ТРАНСФОРМАЦИЯ СОВРЕМЕННОЙ СИСТЕМЫ
МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ
TRANSFORMATION OF THE MODERN SYSTEM
OF INTERNATIONAL RELATIONS УДК341.67 (574)**

Ж. Қанапиянова¹

¹Phd, Еуразия ғылыми-зерттеу институт

ы

Алматы қ., Қазақстан

**ИРАННЫҢ ЯДРОЛЫҚ КЕЛІСІМ ДАҒДАРЫСЫ:
ТАЛАПТАР МЕН СЕБЕПТЕР**

Аңдатпа

Иранның ядролық келісіміне 2015 жылы қол қойылды және ол 2018 жылы АҚШ-тың келісімінен шығу шешімімен және Иранға қарсы санкциялардың қайта оралуымен дағдарысқа енді. Иранның 2019 жылы келісім шарттарын біртіндеп орындамайтынын жариялау арқылы ядролық әрекеттердің жалғасуы басқа елдердің үрейленуіне себеп болды. Осы тұрғыда Иранның ядролық келісіміне қатысты келіссөздер жалғасуда. Зерттеуде дағдарыстың себептері мен Иранның ядролық келісімі тараптарының шарттарын анықтау арқылы дағдарыстың қысқа мерзімде шешіліп шешілмеуі зерттелетін болады. Зерттеу нәтижесі бойынша тараптардың қысқа мерзімде бір шешімге келіп, келісімге келуі қиын екені анықталды.

Түйінді сөздер: Иран, ядролық келісім, ядролық қару, ядролық бағдарлама, Америка Құрама Штаттары.

Қанапиянова Ж.¹

*¹Phd, Евразийский научно-исследовательский институт
г. Алматы, Казахстан*

**КРИЗИС ЯДЕРНОЙ СДЕЛКИ ИРАНА:
ТРЕБОВАНИЯ И ПРИЧИНЫ**

Аннотация

Ядерная сделка с Ираном была подписана в 2015 году, а в 2018 году она вступила в кризис из-за решения США выйти из соглашения и повторного введения санкций против Ирана. Объявив, что Иран не будет постепенно выполнять условия соглашения в 2019 году, продолжение ядерной деятельности вызвало тревогу у других стран. В этом контексте переговоры и встречи по иранской ядерной сделке продолжаются. В исследовании необходимо изучить, будет ли кризис разрешен в короткие сроки, путем определения причин кризиса и условий сторон ядерного соглашения с Ираном. По результатам исследования выявлено, что сторонам сложно прийти к какому-то общему решению и прийти к соглашению в короткие сроки.

Ключевые слова: Иран, ядерная сделка, ядерное оружие, ядерная программа, Соединенные Штаты Америки.

Zh. Kanapiyanova¹

*¹PhD, Institute Eurasian Research
Almaty, Kazakhstan*

**IRAN NUCLEAR DEAL CRISIS:
DEMANDS AND REASONS**

Abstract

The Iran nuclear deal was signed in 2015, and it entered a crisis in 2018 with the United States' decision to leave the agreement and the re-imposition of sanctions against Iran. By announcing that Iran would not

fulfill the terms of the agreement gradually in 2019 and the continuation of nuclear activities caused other countries to be alarmed. In this context, negotiations and meetings regarding the Iran nuclear deal are continuing. The aim of the study is to determine whether the crisis will be resolved in a short time by determining the reasons for the crisis and the conditions of the parties in the Iran nuclear agreement. According to the results of the study, it has been revealed that it is difficult for the parties to come to a common point and reach an agreement in a short time.

Keywords: Iran, nuclear deal, nuclear weapon, nuclear programme, United States of America

Бірлескен жан-жақты ядролық іс-қимыл жоспарына (JCPOA) Иран БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің бес тұрақты мүшесі немесе P5 (Қытай, Франция, Ресей, Ұлыбритания, Америка Құрама Штаттары (АҚШ)) және Германия 2015 жылы қол қойған болатын. Бұл келісім Иранның ядролық бағдарламасын шектеу және оған салынған санкцияларды алып тастау туралы болған [1]. Үш жылдан кейін АҚШ келісімнен шығып, Тегеранға қарсы санкциялық қысымға қайта оралу туралы шешім қабылдады. АҚШ-тың шығу туралы шешімінен кейін Тегеран әкімшілігіне қарсы ауыр санкцияларды қайта енгізу көпжақты дипломатияның жетістігі болып саналатын ядролық келісімді тығырыққа тіреді. Осы жағдайға жауап ретінде Иранның 2019 жылдан бастап ядролық келісім бойынша алған міндеттемелерін біртіндеп орындамайтынын жариялай отырып, байытылған уран деңгейін арттыру және жетілдірілген центрифугаларды қолдануы халықаралық қоғамдық пікірде реакция тудырды [2].

Ядролық келісімді сақтау және еуропалық инвесторларды АҚШ-тың санкцияларынан құтқару үшін «Сауда алмасуды қолдау құралы» (INSTEX) механизмі жасалғанымен, бұл жүйе айтарлықтай нәтиже бермеді [3]. Бұған қоса, 2020 жылдың қарашасында ирандық ғалым Мухсин Фахризаданың өлтірілуі Тегеранның ядролық бағдарламасына қатысты радикалды шешімдер қабылдауына жол ашты. Ел парламентінде қабылданған заңға сәйкес 20% тазалықпен байытылған уран алғаш рет өндірілген болса, көп ұзамай; бұл көрсеткіш 60%-ға дейін көтерілді [4]. Ядролық келісім бойынша уранды 3,67% деңгейінде байытуға рұқсат етілген Иранның 60% өндіруі атом бомбасын жасау үшін қажет 90% таза бөлінетін уранға жету үшін маңызды қадам ретінде қарастырылады және бұл ядролық келісімді құтқаруға деген үмітті де үзді.

Алайда, 2021 жылы Вашингтонда президент әкімшілігі ауысқаннан кейін олар шектеулердің Иранның ядролық амбицияларына әсер етпеді деп шешіп, JCPOA-ға оралу туралы айта бастады. Еуропалық Одақтың (ЕО) үйлестіруімен 2021 жылдың сәуірінен бастап келісімнің қайта орындалуын және АҚШ-тың келісімге оралуын қамтамасыз ету үшін Венадағы келіссөздер әртүрлі себептермен ұзақ үзілістерге қарамастан 2022 жылдың тамызына дейін жалғасты [5]. Келіссөздер сайлаудан кейінгі Хасан Роуханиден Ибрагим Раиси үкіметіне ауысу кезінде және Ресейдің Украинаға шабуылы кезінде тоқтап қалды. Келіссөздердің үйлестірушісі болып табылатын ЕО ұсынған келісім жобасы мәтінінен кейін тараптар өткен айлармен салыстырғанда түпкілікті келісімге келу тұрғысынан әлдеқайда оңды белгілер берді.

Иран 2022 жылдың 15 тамызында ЕО ұсынған ядролық келіссөздердің соңғы жол картасы ретінде қабылданған келісім жобасы туралы және ЕО-ға өз көзқарасын білдірді. Келіссөздердің үйлестірушісі және Еуропалық Одақтың сыртқы байланыстар және қауіпсіздік саясаты жөніндегі Жоғарғы өкілі Жозеп Боррелл Иранның жауабын «ақылға қонымды» деп сипаттады [6]. АҚШ сондай-ақ 2022 жылдың 24 тамызында Иранның көзқарастарына жауап берді. Иранның Сыртқы істер министрі Хусейн Әмир Абдуллахиян ядролық келісімге қатысты санкциялардың жойылуын және Америка Құрама Штаттарының келісімнен қайта шықпайтынына сенім беруін қалайтындарын мәлімдеді [7]. Хат дипломатиясының бір түрі ретінде жалғасқан бұл үдерісте Вашингтонның Тегеран әкімшілігінің АҚШ-қа жауап ретінде ұсынған мәтінін конструктивті емес деп бағалауы оң атмосфераның ыдырауына себепкер болды.

Ақ үйдің баспасөз хатшысы Карин Жан-Пьер JCPOA талаптарына қайтып оралу мен Иранның ядролық қаруды таратпау туралы келісім (NPT) бойынша заңды міндеттемелеріне қатысты тергеулер арасында ешқандай шарт болмауы керек екенін мәлімдеді. Ол, кепілдіктер туралы ашық сұрақтарсыз JCPOA-ға қайта оралған дұрыс екенін және бұған қол жеткізу мүмкіндігі толығымен Иранның қолында екенін мәлімдеді [8]. Ал АҚШ Мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкен Иранның JCPOA-ға оралу ұсынысына қатысты соңғы пікірлерін «артқа қадам» деп атады. Нәтижесінде еуропалық дипломатияның басшысы Жозеп Боррелл тараптар арасында JCPOA-ны қалпына келтіру бойынша тез келісімге қол жеткізуге болатынына күмән келтірді. Осының аясында БАҚ, президент Джо

Байденнің әкімшілігі қарашада өтетін Конгресс сайлауына дейін «ядролық келісім» туралы шешім қабылдамайтыны туралы көбірек хабар таратып жатыр [9].

Бұл жағдайлар АҚШ пен Иран арасында болып жатқанда, Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік (МАГАТЭ) пен Тегеран әкімшілігі арасында жіптер созыла бастады. МАГАТЭ-нің Иранда 2000 жылдардың басында Агенттікке хабарланбаған 3 жерде уран бөлшектері анықталғаны туралы және техникалық тұрғыдан жеткіліксіз деп тапқан мәлімдемесі, Тегеранның ядролық нысандарды бақылау үшін пайдаланатын камера мен ұқсас жабдықты жабуға шешім қабылдауына әкелді [10]. Тегеранның МАГАТЭ-ге қарсы қатаң шешімінен кейін осы елдің ядролық қызметін бақылауда және тексеруде қиындықтарға тап болған Агенттік 2022 жылдың 7 қыркүйегінде директорлар кеңесімен бөліскен соңғы баяндамасында Иранның ядролық бағдарламасының толығымен бейбіт екеніне кепілдік бере алмайтынын мәлімдеді [11].

Агенттіктің бұл таңқаларлық баяндамасынан кейін ядролық келісімнің тараптары болып табылатын Ұлыбритания, Германия және Франция Иранның келісімді қайта жүзеге асырудағы шынайылығына «байыпты күмәнданатындарын» білдіретін ортақ мәтінмен бөлісті. АҚШ-та өтетін конгресс сайлауына байланысты АҚШ президенті Джо Байденнің ядролық келісімге деген көзқарасының өзгеруі теріс бағытты жеделдете түсті. Иранның да Еуроодақ, АҚШ және МАГАТЭ-ге қатал реакцияларын білдіргенін ескерсек, ядролық келісім бойынша жылдам келісім күтілмейтінін және бұл ықтималдың кешегіден де аз екенін айтуға болады. Келісімге келу деген үміт аз болған осы кезде ядролық келісім «тұйыққа» тіреліп, келісімнің қайта жандануына деген үміт сөнді.

Шамамен 19 айға созылған келіссөздердің соңында қол жеткізілген тығырық үшін АҚШ-ты айыптаған Иран, келісімнің қайта басталуына кедергі келтіретін күрделі мәселе немесе келіспеушілік болмағанын мәлімдей отырып, ядролық келісімнің орындалмауына АҚШ-тың жауапты екенін жариялады [12]. Екінші жағынан, АҚШ Иранның күн өткен сайын әртүрлі талаптар қойып жатқанын және бұл жағдайда келісімге келудің қиын болатынын айтады.

Ядролық келісімге қатысушы болып табылмайтын және Иранның ядролық қаруға ие болуын қаламайтын Израиль шетелдік держава ретінде АҚШ пен Иран арасындағы келіссөздерге тікелей немесе жанама түрде ықпал етуге тырысып жатқаны белгілі. Иран мен АҚШ келісім жобасында қалған олқылықтарды жою туралы ұсыныстармен алмасып жатқанда, Израиль Байден әкімшілігін Иранмен 2015 жылғы ядролық келісімді қалпына келтіру үшін келіссөздерден бас тартуға шақыруда. Израиль премьер-министрі Яир Лапид қазір үстелде «жаман мәміле» бар екенін және келіссөздерге қатысушылардың бұны тоқтатып, жеткілікті екенін айту керектігін мәлімдеді [13].

Қорытындылай келетін болсақ, Иран АҚШ-тан Иран төңкеріс сақшыларын 2019 жылы орналастырылған шетелдік лаңкестік ұйымдардың ресми тізімінен алып тастауды, АҚШ-тың келісімнен шықпайтынына кепілдік беруді, сондай-ақ МАГАТЭ-нің үш объектісінде радиоактивті іздердің шығу тегі мәселесі бойынша тергеуді тоқтатуды сұрағаны белгілі. Екінші жағынан, АҚШ Иранның NPT және МАГАТЭ ережелерін сақтауы және JCPOA-дан бөлек өз міндеттемелерін орындауы керек екенін мәлімдеп, келісімді шешілмейтін етеді. Израиль сияқты шетелдік державалардың АҚШ-қа ықпалын ескере отырып, Израиль бұрынғы келісімнің орнына Иранның барлық ядролық әрекеттерін, соның ішінде баллистикалық зымырандарды шектейтін ядролық келісімді талап етеді. Осындай жағдайда Иран мен АҚШ-тың бір нүктеге келіп, қысқа мерзімде келісімге келуі қиын сияқты.

Сондай-ақ екі тарап та тәуекелдің тым жоғары екенін түсінеді, өйткені Иранның ядролық бағдарламасы бойынша келіссөздердің сәтсіздігі аймақтық қақтығыстың қайта жандануына әкеліп соғуы мүмкін. Бұл тұрғыда Израиль, Иран ядролық қару жасауды тоқтатпаса және бұл бағытта айтарлықтай табысқа жетсе, алдын ала соққы беру құқығын өзіне қалдыратынын бірнеше рет ескертті. Ядролық жобалары әскери мақсаттарды көздейтінін әрқашан жоққа шығаратын Тегеран болса Израильге соққыға соққымен жауап беруге уәде береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. State.gov (2015). *Joint Comprehensive Plan of Action*. <https://2009-2017.state.gov/e/eb/tfs/spi/iran/jcpoa/index.htm#:~:text=On%20July%202014%2C%202015%2C%20the,program%20will%20be%20exclusively%20peaceful>. Қаралған күні: 29.10.2022.

2. *Theguardian.com* (2019). *Iran resumes uranium enrichment in new step away from nuclear deal.* <https://www.theguardian.com/world/2019/nov/05/iran-announces-injection-of-uranium-gas-into-1044-centrifuges>. Қаралған күні: 29.10.2022.
3. *Irna.ir* (2019). *INSTEX, Preliminary Step to Europe's Commitments.* <https://en.irna.ir/news/83389492/INSTEX-preliminary-step-to-Europe-s-commitments-spokesman>. Қаралған күні: 29.10.2022.
4. *Aljazeera.com* (2021). *Iran starts enriching uranium at 60%, its highest level ever.* <https://www.aljazeera.com/news/2021/4/16/iran-starts-enriching-uranium-to-60-its-highest-level-ever>. Қаралған күні: 29.10.2022.
5. *Iranprimer.usip.org* (2021). *Timeline. Biden Diplomacy on Iran.* <https://iranprimer.usip.org/blog/2021/apr/02/new-talks-timeline-diplomacy-under-biden>. Қаралған күні: 29.10.2022.
6. *Reuters.com* (2022). *EU's Borell hopes US response on Iran nuclear deal proposal this week.* <https://www.reuters.com/world/middle-east/eus-borrell-answer-iran-eu-proposal-nuclear-deal-was-reasonable-2022-08-22/>. Қаралған күні: 29.10.2022.
7. *France24.com* (2022). *Iran says it wants stronger guarantees for nuclear deal.* <https://www.france24.com/en/live-news/20220831-iran-says-it-wants-stronger-guarantees-for-nuclear-deal>. Қаралған күні: 29.10.2022.
8. *English.news.cn* (2022). *White House suggests no conditionally between revival of Iran nuclear deal.* <https://english.news.cn/20220903/f9b4e2f9442647fa8aeac3e00321cb51/c.html>. Қаралған күні: 29.10.2022.
9. *Kommersant.ru* (2022). *Instead of a "nuclear deal", the conflict was restored.* <https://www.kommersant.ru/doc/5558214>. Қаралған күні: 27.10.2022.
10. *BBC.com* (2022). *IAEA urges Iran to explain uranium particles at undeclared sites.* <https://www.bbc.com/news/world-middle-east-57386296>. Қаралған күні: 29.10.2022.
11. *Davenport K.* (2022). *Iran Nuclear Deal Negotiations Reach Final Stage.* <https://www.armscontrol.org/act/2022-09/news/iran-nuclear-deal-negotiations-reach-final-stage>. Қаралған күні: 28.10.2022.
12. *Robinson K.* (2022). *What is the Iran Nuclear Deal?* <https://www.cfr.org/background/what-iran-nuclear-deal>. Қаралған күні: 29.10.2022.
13. *Davenport K.* (2022). *Iran Nuclear Deal Negotiations Reach Final Stage.* <https://www.armscontrol.org/act/2022-09/news/iran-nuclear-deal-negotiations-reach-final-stage>. Қаралған күні: 28.10.2022.

УДК 341.21
МРНТИ 10.87.21

Жамансарин Н. Ш.¹, Альмуханова Р.К.¹

¹к. и. н., доцент, заведующий кафедрой международных отношений
Института Сорбонна-Казахстан, КазНПУ им. Абая
¹магистрантка 1 курса специальности Международные отношения
Института Сорбонна-Казахстан, КазНПУ им. Абая
г. Алматы, Казахстан

СОВРЕМЕННАЯ МИГРАЦИОННАЯ ПОЛИТИКА ФРАНЦИИ

Аннотация

В статье рассматриваются особенности современной миграционной политики Франции. Выделяются основные направления миграционной политики – управление миграционными потоками, борьба с нелегальной миграцией, интеграция иммигрантов. Анализируется деятельность французских президентов в области миграционной политики – Н.Саркози, Ф.Олланда, Э.Макрона, а также дискуссии основных политических партий по миграционным вопросам и правительственные меры по оптимизации миграционной политики, предпринятые в 2019 году.

Ключевые слова: миграционная политика Франции, нелегальная миграция, иммигранты, беженцы, интеграция, Э.Макрон.

Н.Ш. Жамансарин¹, Р.К. Альмуханова¹

¹т.ғ.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ, Сорбонна-Қазақстан институты,
халықаралық қатынастар кафедрасының меңгерушісі

¹Абай атындағы ҚазҰПУ, Сорбонна-Қазақстан институты,
Халықаралық қатынастар кафедрасының 1-курс магистранты
Алматы қ, Қазақстан

ФРАНЦИЯНЫҢ ҚАЗІРГІ КӨШІ-ҚОН САЯСАТЫ

Аңдатпа

Мақалада Францияның қазіргі көші-қон саясатының ерекшеліктері қарастырылады. Көші – қон саясатының негізгі бағыттары – көші-қон ағындарын басқару, заңсыз көші-қонға қарсы күрес, иммигранттардың интеграциясы ерекшеленеді. Француз президенттерінің көші-қон саясаты саласындағы қызметі – Н.Саркози, Ф.Олланд, Э.Макрон, сондай-ақ негізгі саяси партиялардың көші-қон мәселелері бойынша пікірталастары және 2019 жылы қабылданған Көші-қон саясатын оңтайландыру жөніндегі үкіметтік шаралар талданады.

Түйін сөздер: Францияның көші-қон саясаты, заңсыз көші-қон, иммигранттар, босқындар, интеграция, Э.Макрон.

Zhamansarin N. S.¹, Almukhanova R. K.¹

